




Бекітемін

АЖ жөніндегі проректор /
А Кусаинова

« 06 » октябрь 2021 ж.


PL-03-64-06

Білім беру бағдарламалар комитеті туралы ереже

Әзірледі		
Оқу - әдістемелік бөлім бастығы	 (КОЛЫ)	Ш. Уйсенбаева

Басылым 02

Алматы, 2021

	«ҚазРесмедуниверситеті» МЕББМ	2 бет	F-DP-02-31-01-11
--	-------------------------------	-------	------------------

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Негізгі міндеттері	4
3. Құрылымы.....	5
4. ББК қызметінің негізгі бағыттары.....	5
5. ББК қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету.....	6
6. ББК мүшелерінің міндеттері	6
7. ББК мүшелерінің құқығы	7
8. Жауапкершілігі.....	7
Өзгерістерді тіркеу парағы.....	8
Танысу парағы.....	9
Келісу парағы.....	10

PL-03-64-06	Білім беру бағдарламалар комитеті туралы ереже	Басылым 02
-------------	--	------------



1. Жалпы ережелер

1.1. «Қазақ-Ресей медицина университеті» мемлекеттік емес білім беру мекемесінің (бұдан әрі – «ҚазРесмедуниверситет» МЕББМ, Университет) Білім беру бағдарламалары комитеті туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Білім беру бағдарламалары комитетінің (бұдан әрі –ББК) жұмысын және ретін анықтау, оның мүшелері арасындағы өзара іс-қимылды реттеу мақсатында құрастырылған.

1.2. ББК университеттің тұрақты жұмыс істейтін кеңесші органы болып табылады.

1.3. Нормативтік сілтемелер*:

1.3.1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (өзгертулермен және толықтырулармен);

1.3.2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттамалық ресімдеу, құжат айналымы және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» № 703 қаулысы;

1.3.3) ISO 9001 халықаралық стандарты «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар»;

1.3.4) «Қазақ-Ресей медицина университеті» МЕББМ Жарғысы

1.3.5) осы Ережемен.

* Егер құжаттың күні көрсетілген басылымына сілтеме жасалса, тек сол нұсқа қолданылады. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтеме жасалған құжаттың соңғы ағымдағы нұсқасы (кез келген түзетулерді қоса) қолданылады.

1.4. Қолдану саласы

Осы Ереженің талаптары ББК қызметінің ережелеріне, функцияларына және жұмыс тәртібіне қолданылады. Осы Ереже Университеттің жалпы құрылымындағы ББК-нің құқықтық мәртебесін және оның қызмет аясын реттейтін негізгі нормаларды ұсынады, олар Университеттің қызметі барысында ішкі нормативтік құжаттармен және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттармен өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін. Университет әкімшілігінің белгіленген тәртіппен шығарылатын актілері.

1.5. Мүдделі тараптар 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Мүдделі тараптар және олардың қажеттіліктері мен күтулері

Мүдделі тарап	Қажеттіліктер мен күтулер
1	2
Сыртқы аудиторлар	Сыртқы аудиттің тиімділігін арттыру
Ішкі аудиторлар	Ішкі аудиттің тиімділігін арттыру
Құрылтайшылар	Университет жұмысының айқындылығын қамтамасыз ету
Университет қызметкерлері	Үздік басқару және оқыту тәжірибесін енгізу үшін күш-жігерді біріктіру. Барлық мүдделі тараптарды үйлестіру және байланыстыру
Университет	Білім беру бағдарламаларын сәтті жүзеге асыру үшін

PL-03-64-06	Білім беру бағдарламалар комитеті туралы ереже	Басылым 02
-------------	--	------------



Мүдделі тарап 1	Қажеттіліктер мен күтулер 2
	университеттің студенттері мен профессорлық-оқытушылар құрамы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету

1.6. Терминдер, қысқартулар мен анықтамалар

1.6.1) Бүкіл мәтінде 2-кестеде көрсетілген терминдер мен олардың анықтамалары пайдаланылады.

Кесте 2 – Терминдер мен анықтамалар

Терминдер 1	Анықтамалар 2
Постреквизиты (Postrequisite)	оқу үшін осы пәнді оқуды аяқтаған кезде алынған білімдер, дағдылар, құзыреттер қажет пәндер
Пререквизиты (Prerequisite)	оқылатын пәнді меңгеру үшін қажетті білімдер, дағдылар мен құзыреттер тізімі бар пәндер тәртіп; студентті резидентураға ауыстыру кезінде оқу барысы реттелетін құрал
Білім беру процесі	білім беру бағдарламасын іске асыратын, оқу іс-әрекетінің субъектісі ұйымдастыратын оқыту мен тәрбиелеудің мақсатты педагогикалық негізделген процесі
Білім алушылар	студенттер, интерндер, магистранттар, резидентура студенттері және докторанттар кіреді
Элективті пәндер	белгіленген академиялық сағат шегінде факультативтік компонентке енгізілген және білім/ғылым ұйымымен енгізілген оқу пәндері. Элективті пәндер студенттің жеке дайындығын көрсетеді, белгілі бір аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін, білім беруді ұйымдастырудың қалыптасқан ғылыми мектептерін / мұғалімнің ғылымын ескереді.

1.6.2) Мәтін бойынша 3-кесте көрсетілген қысқартулар мен терминдер қолданылады.

3 – Кесте Қысқартулар

Қысқартулар 1	Терминдер 2
АК	Академиялық кеңес
ББК	Білім беру бағдарламалар комитеті
Университет	«Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ

1.7. Осы Ереже бойынша жүргізілетін барлық жұмыстарды ББК төрағасы қадағалайды.

2. Негізгі міндеттері

ББК негізгі міндеттері:

2.1. Университетте Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және қолдау;

2.2. Білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік



қамтамасыз ету;

2.3. Инновациялық білім беру технологияларын және оқу үдерісін ұйымдастырудың перспективалық формаларын енгізу;

2.4. Білім беру бағдарламаларын сараптау, іске асырудың барлық кезеңдеріндегі мониторинг, білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау.

2.5. Университет кафедра / курстарының оқу қызметін үйлестіру;

3. Құрылымы

3.1. ББК құрамы университеттің академиялық жұмысы бойынша кафедра/курстардың өкілдері, факультеттердің білімалушылары мен құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан, тәжірибелік денсаулық сақтау өкілдерінен (жұмыс беруші) құралады. ББК құрамы университеттің Академиялық кеңесінде (АК) бекітіледі.

3.2. ББК құрамына: төраға, төрағаның орынбасары, хатшы, ББК мүшелері кіреді.

3.3. ББК Университет ректорының бұйрығымен құрылады.

3.4. ББК төрағасы қызметіне басшылық жасайды, ББК отырыстарында төрағалық етеді, сондай-ақ ББК барлық негізгі жұмысын жоспарлайды.

3.5. ББК жұмысы күнтізбелік жылға АК бекіткен жоспарға сәйкес жүргізіледі. Мәжіліс 1 айда кемінде бір рет өткізіледі. ББК ағымдағы жұмысын, оның отырыстарын ұйымдастыруды ББК төрағасының ұсынуы бойынша АК шешімімен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын ББК хатшысы қамтамасыз етеді.

3.6. Қажет болған жағдайда «Білім беру бағдарламалары комитеті туралы Ережеге» сәйкес ББК шешімі Академиялық кеңестің қарауына шығарылады және АК шешімімен бекітіледі.

4. ББК қызметінің негізгі бағыттары

4.1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде мамандықтардың білім беру бағдарламаларын әзірлеу.

4.2. Білім беру бағдарламалары шеңберінде әрбір пән бойынша бакалавриат білім алушыларының (студенттер мен интерндердің, магистранттардың) және резидентура тыңдаушыларының нақты құзыреттілігін қалыптастыру.

4.3. Сапаны жақсарту және кепілдік беру мақсатында білім беру бағдарламаларын жүйелі түрде зерттеу және жан-жақты бағалау.

4.4. Университетте білім беру процесі мен кәсіптік практиканы әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

4.5. Жобаларды дайындауға және типтік оқу бағдарламаларын рецензиялауға қатысу.



- 4.6. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің нормативтік құжаттарға, нұсқаулық хаттарға, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, пәннің типтік бағдарламаларына сәйкестігін дайындауды бақылау, білім беру жұмыс бағдарламаларын талқылау және бекіту.
- 4.7. Университет процесіне инновациялық білім беру технологияларын және оқу үдерісін ұйымдастырудың перспективалық формаларын енгізу.
- 4.8. Оқу орнын, пәндердің пререквизит және постреквизиттерін анықтай отырып, элективті пәндерді жоспарлауды, рецензиялауды жүргізу.
- 4.9. Өз мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттің сапасына талдау жүргізу.
- 4.10. Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмысты үйлестіру, оқу үдерісін онтайландыру бойынша кафедра/курстардың жоспарлары мен есептерін тыңдау және талқылау.
- 4.11. Комитет сондай-ақ қолданыстағы заңнамамен, ішкі нормативтік құжаттармен және университет әкімшілігінің ұйымдастыру-өкімдік актілерімен анықталған, Комитет алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға тікелей байланысты басқа да функцияларды жүзеге асырады.

5. ББК қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету

- 5.1. ББК төрағасының шешімі бойынша жоспардан тыс отырыстар өткізілуі мүмкін.
- 5.2. ББК отырыстарын оның төрағасы өткізеді.
- 5.3. ББК отырыстары, егер оларға ББК мүшелері санының кемінде үштен екісі қатысқан болса, заңды деп саналады.
- 5.4. ББК шешімі ББК қатысып отырған мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады, хаттамамен ресімделеді.
- 5.5. ББК мүшелердің дауыстары тең болған жағдайда ББК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 5.6. ББК хатшысы отырыс өткізілгеннен кейін үш күн мерзімде отырыс хаттамасын ресімдейді, ол ББК төрағасының бекітуіне ұсынылады.

6. ББК мүшелерінің міндеттері

- 6.1. ББК төрағасына жүктеледі:
- 6.1.1. ББК-қа жүктелген міндеттерге сәйкес ББК қызметін ұйымдастыру;
- 6.1.2. Оқу жылына ББК жоспарын бекіту, сондай-ақ оған тиісті өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдау;
- 6.1.3. ББК отырыстарын өткізу тәртібін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 6.1.4. ББК мүшелерінің арасында міндеттерді бөлу.
- 6.2. ББК хатшысы мыналарға жауапты:
- 6.2.1. ББК құжаттамасын дайындау;



6.2.2. ББК отырысында қаралатын күнге мәселелер мен құжаттарды дайындау;

6.3. ББК мүшелері мыналарға жауапты:

6.3.1. ББК отырыстарына қатысу және ББК-де көтерілетін мәселелерді талқылау;

6.3.2. ББК отырыстарын дайындауға және шешімдерді қабылдауға қатысу.

7. ББК мүшелерінің құқығы

ББК мүшелерінің құқығы бар:

7.1 ББК шешімдерінің жобаларымен танысу,

7.2 Тиісті бағдарлама бойынша білім беру процесін іске асыруды реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

7.3 Ғылыми және Академиялық кеңестерге оқу процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

7.4 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан білім беру бағдарламасын талдау үшін қажетті ақпаратты сұрату;

7.5 Академиялық кеңес төрағасының атына өз қызметін жүзеге асыруға жәрдемдесу туралы өтінішпен жүгіну;

7.6 өз қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс комиссиялары мен топтарын құрады;

7.7 Оқу сабақтарына, емтихандарға қатысу және сапасын бағалау.

8. Жауапкершілігі

ББК мүшелерінің жауапкершілігі

8.1.СМЖ құжаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының қолданылыстағы еңбек заңдылықтары анықтайтын осы Ережеде көрсетілген өзінің қызметтік міндеттерінің дұрыс деңгейде орындалуына немесе орындалмауына жауапкершілікте.

8.2.Қазақстан Республикасының қолданылыстағы әкімшілік азаматтық және қылмыстық заңдылықтарымен анықталатын өзінің іс – қызметін іске асыру барысындағы заң бұзушылық әрекеттеріне жауапкершілікте.

8.3. Қазақстан Республикасының қолданылыстағы еңбек және азаматтық заңдылықтарымен анықталатын деңгейде материалды зиянкестік үшін жауапты.



Өзгерістерді тіркеу парағы



№	Параграф	Өзгерістер жасалды	Күні	Аты-жөні, қолы
1	2	3	4	5




Танысу парағы

№	Лауазымы	Аты - жөні	Қолы	Күні
1	2	3	4	5

Келісу парағы

Лауазымы	Қолы	Күні	Аты-жөні
1	2	3	4
Әкімшілік-құқықтық бөлімінің бастығы /		03.12.2021	С. Касимова
СМЖ бөлімінің тәуекелдерді басқару бойынша бас маманы		03.12.21	А. Бисмельдинова

Аударды		
Бас маманы	 <hr/> (КОЛЫ)	Б. Калмаханбетова